

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру
акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
шешімімен бекітілген
2012 жылғы «___» _____
хаттама

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БӨ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

КІРІСПЕ

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының («Қоғам») Корпоративтік басқару кодексі («Кодекс») Қоғамның ішіндегі және басқа да рынокқа қатысушылармен қарым-қатынастарда іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қоғам өз қызметі процесінде ұстанатын ережелердің жиынтығы болып табылады.
2. Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстанда дамып келе жатқан корпоративтік ұстаным практикасы, этикалық нормалар, компанияның Қазақстанның және Лондонның қор биржасындағы қызметінің сұраныстары мен шарттары ескеріле отырып (акциялары халықаралық қор биржаларында айналымдағы компаниялардың корпоративтік басқару практикалары айрықша ескеріле отырып) әзірленді.
3. Кодекс Қоғамның қолданымды дәрежелерде корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның бақылау мен процедуралардың басқа да құралдарын қабылдауымен қоса әзірленді.
4. Алайда, Қоғамның өзіне тән ерекшеліктерін, оның мөлшерін, сипаты мен даму кезеңін, сондай-ақ оның алдында кездесетін тәуекелдер мен проблемаларды ескере отырып, белгілі бір жағдайларда Кодекстің қағидаларынан ауытқу ақталуы мүмкін болатындығын мойындайды. Кодекстің қағидаларынан алшақтау тиісті жағдайды мұқият талдаудан кейін және мұндай мүмкін болатын ауытқуды Қоғамның Тәуелсіз директорлары қарағаннан кейін ғана мүмкін болады деп ұйғарылады. Кез келген Кодекстің қағидаларынан ауытқу жағдайы туралы ақпарат аталған ауытқудың себептері тиісінше түсіндіріле отырып Қоғамның келесі жылдық есебіне енгізілуі қажет.
5. Қоғам корпоративтік басқару практикасының статистикалық сипаты болмайтындығын растайды. Тиісінше, Қоғам ауық-ауық белгіленген тәртіппен қазақстандық және халықаралық листингтік компанияларға қатысты корпоративтік басқаруға қолданылатын қолданылып жүрген заңнамаға, нормативтік актілерге ұсынымдар мен практикаларға орай Кодекстің ережелерін қайта қарайтын болады.

6. Кодексте пайдаланылатын терминдер:

Бас директор	Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы), Директорлар кеңесінің мүшесі
Директорлар	Тәуелсіз директорларды қоса алғанда Директорлар кеңесінің мүшелері
Заңнама	Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері (ауық-ауық өзгертілетін және толықтырылатын)
Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет	Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеті
Кадрлар мәселелері жөніндегі	Директорлар кеңесінің кадрлар мәселелері

комитет	жөніндегі комитеті
Сыйақылар жөніндегі комитет	Директорлар кеңесінің сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеті
Корпоративтік хатшы	Қоғамның корпоративтік хатшысы
Листингтік тәртіп	Лондонның және Қазақстанның Қор биржаларының листингтік ережелерін қоса алғанда Қоғамның бағалы қағаздары айналыстағы қор биржаларының листингтік тәртібі
Тәуелсіз директорлар	осы Кодекстің 3-бөлімінің 105-тармағына сәйкес тәуелсіз деп белгіленетін директорлар
Жалпы жиналыс	Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы
Ашу тәртібі	Қоғамның бағалы қағаздары айналымдағы қор биржасы белгілеген ақпараттарды ашу жөніндегі талап
Басқарма	Қоғамның Басқармасы
Төраға	Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы
Кеңес	Қоғамның Директорлар кеңесі
Жарғы	Қоғамның Жарғысы (ауық-ауық өзгертілетін және толықтырылатын)

1-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

7. Қоғамды корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауаптылық, ашықтық және біліктілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғамның қызметіндегі барлық мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның рыноктық құнының артуына және қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты ұстап тұруға ықпал етеді.
8. Осы тарауда баяндалған корпоративтік басқару принциптері Қоғамды басқарумен байланысты пайда болатын қарым-қатынастарда өзара сенім орнатуға бағытталған және Кодекстің бұдан кейінгі тарауларында қамтылған барлық ережелердің негіздемесі болып табылады.
9. Осы Кодекстің негізін құраушы принциптер:
 - 1) акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;
 - 2) Қоғамның Кеңес пен Басқарманы тиімді басқару принципі;

- 3) Қоғамның дербес қызметі принципі;
 - 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды ашудың айқындығы мен объективтілігі принципі;
 - 5) заңдылық пен этика принципі;
 - 6) тиімді дивидендтік саясат принципі;
 - 7) тиімді кадрлық және әлеуметтік саясат принципі;
 - 8) қоршаған ортаны қорғау принципі;
 - 9) корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
 - 10) жауаптылық принципі болып табылады.
10. Қоғамды корпоративтік басқару құрылымы Заңнама мен Листингтік ережелердің талаптарына сәйкес келуі және Қоғамның түрлі органдарының арасында міндеттердің бөлінуін нақты айқындауы тиіс.
11. Кодексте сипатталған корпоративтік басқару принциптерін басшылыққа алу Қоғамның қызметіне объективті талдау жүргізуге және талдаушылардан, қаржылық консультанттардан және рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсынымдар алуға ықпал етуі тиіс.

1.1. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ПРИНЦИПТЕРІ

12. Қоғам акционерлердің негізгі құқықтарын:
- (а) оларға тиесілі акцияларға иелік ету, пайдалану және билік жасау құқығын;
 - (б) оның қызметіне қатысты жазбаша сұрау салу арқылы Қоғамға хабарласу және Жарғымен белгіленген мерзімдерде дәлелді жауаптар алу құқығын;
 - (в) акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу және онда дауыс беру құқығын;
 - (г) директорларды сайлауға қатысу құқығын;
 - (д) сол, бір түрдегі акцияларға иелік ететін барлық акционерлерге бірдей көзғарас құқығын;
 - (е) Қоғам пайдасының үлестерін (дивидендтерді) алуға арналған құқықты; және
 - (ж) ол таратылған жағдайда Қоғамның активтеріндегі үлестерді алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді.
13. Қоғам акционерлердің корпоративтік басқарудың Директорларды сайлау сияқты

салаларында шешуші шешімдер қабылдауға белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Акционерлердің Директорларға арналған сыйақы саясаты туралы өз пікірлерін айту мүмкіндігі болуы қажет.

14. Мүдделі тұлғалардың, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлерінің заңсыз және оспадар әрекеттер туралы Кеңеске еркін мәлімдеуге құқы болуы тиіс және мұндай мәлімдеу жағдайында олардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі қажет.
15. Қоғам Заңнамамен, Жарғымен және Листингтік ережелердің талаптарымен көзделген тәртіппен өзінің Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің назарына жеткізуі тиіс.
16. Қоғам акционерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларды Заңнаманың, Листингтік ережелердің және Ашу ережелерінің талаптарына сәйкес өзінің қаржы-шаруашылық қызметі мен оның нәтижелері туралы анық ақпараттармен қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе, акционерлер үшін барынша негізделген және шынайы болуы тиіс акционерлік капитал (акциялар) саласындағы мәмілелерге қатысты.
17. Қоғамның акционерлерімен диалог олардың мақсаттарын өзара түсінісу негізінде жүргізілуі тиіс. Төраға акционерлердің көзқарасы тұтастай алғанда Кеңестің назарына жеткізілуін қамтамасыз етеді. Директорларға акционерлердің қатысуымен жоспарланған Жалпы жиналыстарға қатысу үшін мүмкіндік берілуі қажет және Директорлар ірі акционерлердің бастамашылығы бойынша шақырылатын Жалпы жиналыстарға қатысады деп күтілуде. Кеңес, тұтастай алғанда, акционерлермен қанағаттанарлық диалогты қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады және осы мақсаттарда Қоғам акционерлермен қарым-қатынастар жөніндегі бөлімше құрады. Кеңес акционердің пікірін неғұрлым қолданымды және тиімді тұрғыда ескеруге ұмтылады және акционерлермен қатынастар жөніндегі бөлімшеге бұл мақсатқа жетудің ең үздік тәсілі бойынша нұсқау беруі мүмкін.
18. Басқарма Қоғамның қызметіндегі жоспарланған негізді өзгерістер жағдайында акционерлердің құқықтарын сақтау және қорғау үшін нақты шаралар ұсынуы тиіс.
19. Қоғам өзінің барлық акционерлеріне әділ және тең қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.
20. Қоғам миноритарлық акционерлерді тікелей немесе жанама түрде іс-әрекет ететін ірі акционерлердің тарапынан болатын қиянат етушіліктен қорғайды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен өзара қарым-қатынастарда Шарттың талаптарын сақтайды. Акционерлердің Қоғамның басқа акционерлерімен және өкілдерімен өздерінің негізгі құқықтарының сақталуы мәселелері мен Қоғамды корпоративтік басқару саясатын талқылауға құқы бар.

1.2. ҚОҒАМНЫҢ КЕҢЕС ПЕН БАСҚАРМАНЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ПРИНЦИПІ

Кеңес қызметінің принциптері

21. Кеңестің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау қағидасының негізінде құрылады және Қоғамның нарықтық құнын арттыруға бағытталады.

Кеңес Қоғамның акционерлер мен өзге де тұлғалардың алдындағы өзінің міндеттерін ұғынуын және орындауын қамтамасыз етеді.

22. Кеңес акционерлерге ағымдағы бизнес жағдайының объективті мониторингі арқылы Қоғамның қол жеткізген нәтижелері мен болашағын сындарлы және нақты бағалауды ұсынады және акционерлердің инвестициялары мен Қоғамның активтерін сақтау мақсатында ішкі бақылау мен тәуелсіз аудиттің сенімді жүйесін ұстауды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
23. Кеңес Қоғамның стратегиялық мақсаттарын белгілейді, Қоғамның өз міндеттеріне қолжеткізуі үшін жеткілікті мөлшерде қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді. Кеңестің мүшелері ретіндегі өз рөлдерінің шеңберінде Директорлар сындарлы сын ұсынады және стратегиялар бойынша ұсыныстарды әзірлеуге жәрдемдеседі. Директорлар оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетіндігі тұрғысында басқарманың жұмысын мұқият талдауы, сондай-ақ оның қызметіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.
24. Төраға (Кеңестің қызметін қамтамасыз етуі үшін жауапты) мен Бас директордың (Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін жауапты) арасындағы жауаптылықтарды нақты бөлу қажет. Бұл ретте, Төраға мен Бас директордың лауазымын бір адам атқара алмайды. Ешбір адамның (немесе адамдар тобының) шешім қабылдауға арналған шектеусіз құқы болмауы тиіс.
25. Төраға Кеңесті басқару үшін жауап береді, оның қызметі аясының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, Кеңес бекітетін күн тәртібін қалыптастыру үшін жауаптылықта болады. Төраға Корпоративтік хатшымен бірге Директорлардың анық және нақты ақпараттарды уақытылы алуын да қамтамасыз етеді. Төраға акционерлермен тиімді байланысты, Директорлардың Кеңестің қызметіне тиімді үлес қосуын және, атап айтқанда, Тәуелсіз директорлар мен Басқарманың арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Төраға күн тәртібінің барлық тармақтарын, атап айтқанда, стратегиялық мәселелерді талқылау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.
26. Кеңес Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімді жұмысын, оның тұрақты мониторингін қамтамасыз етеді, сондай-ақ корпоративтік қақтығыстарды қадағалайды және реттейді.
27. Кеңес акционерлердің алдында өз қызметінің толықтай ашықтығын қамтамасыз етеді.
28. Кеңес Заңнамалардың, Листингтік ережелер мен Ашу тәртіптерінің талаптарына сәйкес ақпараттарды ашу және Қоғамның қызметін ақпараттық жаратқандыру бойынша жауаптылықта болады және ақпараттарды жіктеуді негіздеуге және құпия және қызметтік ақпараттардың қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
29. Кеңестің құрамында Жарғының ережелеріне сәйкес міндетті түрде тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Сол немесе өзге Директордың «тәуелсіздігін» белгілеу принциптері Заңнамамен, осы Кодекспен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен белгіленеді.

30. Кеңес мүшелерінің жұмысын бағалау мен әділ көтермелеу жүйесі олардың Қоғамның мүддесіндегі жұмыстарын және барлық акционерлерді ынталандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сыйақы беру мәселелері жөніндегі комитет Директорлар мен Басқарма мүшелеріне сыйақылардың мөлшерлері бойынша ұсыныстар беру үшін жауаптылықта болады.
31. Кеңес өзінің қызметі мен жекелеген Директорлардың жұмысын бағалаудың тетігін әзірлейді, Кеңес пен Басқарма мүшелерінің қызметін бағалаудың әдістері мен өлшемдерін ұдайы қайта қарап отырады.
32. Төраға Корпоративтік хатшының жәрдемдесуімен жаңадан сайланған Директорларға Қоғамда қолданылатын Кеңес пен Қоғамның өзге де органдарының қызметі тәртібін, Қоғамның ұйымдастырулық құрылымын түсіндіруді қамтамасыз етуі тиіс. Қоғамның лауазымды тұлғалары туралы мағлұматтар береді, қоғамның ішкі құжаттарымен, Жалпы жиналыс пен Кеңестің шешімдерімен таныстырады, Директорлардың өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпараттарды ұсынады. Төраға Корпоративтік хатшының жәрдемдесуімен олардың Кеңес пен оның комитеттеріндегі функцияларын орындауы үшін қажетті шамада тұрақты негізде Директорлардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуі тиіс. Төраға әрбір Директормен олардың оқу мен дамудағы қажеттіліктерін ұдайы қарап және келісіп отыруы қажет.
33. Кеңес мүшесінің өкілеттігін мерзімнен бұрын да, кезекті де тоқтату тәртібі, өкілеттікті өз еркімен тоқтату тәртібі, жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін жауаптылық шаралары, Кеңестің мәжілістерін шақыру мен өткізу тәртібі Заңнамамен, Жарғымен, Кодекспен, сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Басқарма қызметінің принципі

34. Басқарма Қоғамның күнделікті жұмысына басшылықты жүзеге асырады және оның бизнес-жоспар мен Қоғамның дамуының стратегиялық жоспарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.
35. Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау қағидатының негізінде құрылады және жалпы жиналыс пен Кеңеске толық есепті.
36. Бір де бір тұлға (тұлғалар тобы) Басқарма қабылдайтын шешімге ықпал ете алмайды.

1.3. ҚОҒАМНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚЫЗМЕТІ ПРИНЦИПІ

37. Қоғамның қызметі Қоғам акционерлерінің мүдделерін барынша жақсы сақтау мақсаттарында және Жарғының сақталуы шартымен осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
38. Қоғам өз қызметін дербес жүзеге асырады.
39. Қоғам Қоғам мен кез келген ірі акционердің арасындағы барлық мәмілелер мен қарым-қатынастарды (оларға кез келген одан кейінгі толықтыруларды немесе өзгерістерді, сондай-ақ оларды жүзеге асыруды немесе мәжбүрлеп орындатуды қоса алғанда шарт бойынша немесе өзгедей болсын) әдеттегі коммерциялық

негізде жүзеге асырады.

1.4. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАРДЫ АШУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Қоғамның қызметі туралы ақпарат

40. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу жаңа акционерлердің тарапынан акционерлік капиталға қатысуы туралы немесе Қоғамның акционерлерінің құрамынан шығу туралы негізделген шешімдер қабылдауға, сондай-ақ инвесторлардың Қоғамның қаржылық қызметіне қатысу туралы байыпты шешім қабылдауына жәрдемдесуі тиіс.
41. Ақпараттық ашықтық Қоғамды басқарудың барынша негізділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге саяды.
42. Қоғамның ақпараттық ашықтығы Кеңес әзірлейтін және бекітетін тиісті корпоративтік ұсыныстың, сондай-ақ Заңнама мен өзге де қолданымды ережелер талаптарының негізінде құрылады. Төраға Жалпы жиналыстарда акционерлердің Қоғам органдарының жұмысы туралы пікірлерімен танысу үшін қатысады.
43. Акционердің немесе ықтимал инвестордың Қоғамның ақпараттарына қатысты қолданымды құпиялылық, ақпараттарды ашу талаптарын ескере отырып, Қоғам туралы тиісті шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттарға еркін және қиындықсыз кіру мүмкіндігі болуы тиіс. Кеңес акционерлермен байланыс ұстайды және олардың Акционерлердің Жалпы жиналысы арқылы Қоғамның қызметіне қатысуына ықпал жасайды.
44. Қоғам акционерлер мен инвесторлардың мүліктік немесе өзге де құқықтарына айтарлықтай ықпал ететін өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары және перспективалары туралы ақпаратты уақытылы ашады, сондай-ақ акционерлердің сұрауларына белгіленген тәртіппен уақытылы жауап береді. Кеңеске жылдық есепке оның негізінде Қоғам алдағы уақытта Компанияның акционерлік құнын құратын, не болмаса сақтап ақлатын (бизнес-модель), сондай-ақ өз мақсаттарына қол жеткізу стратегиясын қалыптастыратын не сақтайтын алғышарттар жазылған ерекше параграф енгізу қажет. Кеңес жылдық есепте, мысалы кездесулер, талдаушылардың немесе брокерлердің брифингтерін өткізу және акционерлердің пікірлерін зерттеу арқылы директорлардың ірі акционерлердің ой-пікірін түсінуін қамтамасыз ету бойынша олар қабылдаған шаралар туралы көрсетуі қажет.
45. Қоғам Заңнаманың, Листингтік ережелердің және Ашу ережелерінің талаптарына сәйкес ұдайы, сондай-ақ ол қажет етілген жағдайларда Қоғамның қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат береді және сонымен бір уақытта ақпараттарды ашу және құпиялық пен қызметтік ақпараттарды сақтау тетіктерін іске қосады.

Қаржылық есептілік

46. Қаржылық есеп пен аудиттің процедуралары мен ережелері акционерлер мен инвесторлардың тарапынан Қоғамның қызметіне сенімді қамтамасыз етуге бағытталған.
47. Қаржылық есептілікті жүргізу мен аудит өткізу мынадай принциптерде

құрылады:

- (а) толықтылық пен нақтылық;
 - (б) алдын ала кесіп-пішушіліктен аулақтық пен тәуелсіздік;
 - (в) біліктілік пен құзыреттілік.
48. Кеңес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесіне кіретін органдар мен тұлғалардың құзыретін олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріне көзғарасына қарай шектейді.
49. Кеңес акционерлерге Қоғамның ұсыныстары мен келешегінің теңдестірілген және ашық бағасын ұсынады. Директорлар жылдық есепте жылдық есеп пен есептілікті дайындауға қатысты өзінің жауаптылығын түсіндіруі қажет, бұл ретте жылдық есеп сыртқары аудитордың Директорлардың есепті дайындау бойынша міндеттеріне қатысты мәлімдеуін қамтуы тиіс. Жылдық қаржылық есептілік Директорлардың Компанияның қажет болған жағдайда тиісті болжамдар немесе түсініктер енгізілуі мүмкін болатын жұмыс істеп тұрған компания болып табылатындығы туралы мәлімдемесін қамтуы қажет.

1.5. ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ЭТИКА ҚАҒИДАТТАРЫ

50. Қоғам Заңнамаға, іскерлік этиканың жалпы қолданымды принциптеріне (дәстүрлеріне), Жарғыға, осы Кодекстің, Листингтік ережелердің, Ашу ережелерінің қағидаларына қатаң сәйкестікте іс-әрекет жүргізеді.
51. Акционерлердің, Кеңес пен Басқарма мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас өзара сенім білдірушілік, құрметтеушілік, есептілік және бақылау негізінде құрылады.

1.6. ТИІМДІ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ПРИНЦИПІ

52. Қоғам дивидендтік саясат туралы әзірленген ережені басшылыққа алады.
53. Қоғамның дивидендтік саясат туралы ережесі дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеу тәртібін белгілеу тетіктерінің айқындығын қамтамасыз етеді.
54. Дивидендтік саясат туралы ереже бөлінбеген кірісті есептеу мен кірістің дивидендтер төлеу ұйғарылған бөліктерін айқындаудың тәртібін, оларды төлеу шарттарын, дивидендтердің мөлшерін есептеу тәртібін, дивидендтерді төлеу тәртібін, оның ішінде оларды төлеу мерзімдерін орны мен нысанын регламенттеуге арналған.
55. Дивидендтер төлеу Қоғам бизнесінің нақты жағдайының негізінде дивидендтер есептеу мен төлеу үшін жағдайдың болуы туралы анық ақпаратқа орай жүргізіледі.

1.7. ТИІМДІ КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ ПРИНЦИПІ

56. Қоғамда корпоративтік басқару Қоғам қызметкерлерінің Заңнамамен көзделген құқықтарын қорғау негізінде құрылады және Қоғам мен оның қызметкерлерінің арасында әлеуметтік мәселелерді шешу мен еңбек жағдайын регламенттеудегі серіктестік қатынастарды дамытуға бағытталған болуы тиіс.

57. Кадрлық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі мүмкіндігіне қарай және Қоғам жұмысының көрсеткіштеріне орай жұмыс орындарын сақтау, Қоғамдағы еңбек жағдайын жақсарту және Қоғам мен оның қызметкерлері қабылдаған ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес, Қоғамның қызметкерлерін әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау болып табылады.
58. Корпоративтік басқару еңбек ұжымында жағымды және шығармашылық ахуал құру процесін ынталандыруы, Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ықпал етуі тиіс.
59. Корпоративтік басқару жүйесі Еңбек туралы заңнаманың қатаң сақталуына ықпал етуге бағытталған.
60. Қоғам қызметіндегі басымдықтардың бірі қызметкерлерді оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру болып табылады.
61. Қоғам кадрларды конкурстық негізде іріктеу принципін ұстануға ұмтылады.

1.8. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ПРИНЦИПІ

62. Іскерлік белсенділікті қазіргі заманғы дамыту әлемде қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің маңыздылығының артуымен сипатталады.
63. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс жағдайы Қоғамның қызметін бағалаудағы өзекті өлшемге айналуға.
64. Қоғам Заңнаманың талаптары мен мұнайгаз саласы қызметінің орынды саясатына сәйкес Қоғамның қызметі процесінде қоршаған ортаға ұқыпты және құнтты қатынасты қамтамасыз етеді.
65. Осы Кодексті қоспағанда Қоғамның қоршаған ортаға қатысты саясаты басқа қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі ережелермен айқындалады.
66. Қоғам Заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау стандарттарын енгізу жөнінде міндеттеме қабылдайды.

1.9. КОРПОРАТИВТІК ДАУ-ДАМАЙЛАР МЕН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ

67. Кеңес пен Басқарманың мүшелері Қоғамның қызметкерлері сияқты өздерінің кәсіби функцияларын шиеленістерден бойтарта отырып Қоғам мен акционерлердің мүдделерінде лайықты қамқорлықпен және ұстамдылықпен адал және байыпты орындайды.
68. Қоғам корпоративтік тартыстарды реттеудің оларды шешу, бұл ретте, заңды және негізді болып табыла отырып, Қоғам мен акционерлердің мүдделеріне барынша жауап беретін тетіктерін әзірлейді және оны басшылыққа алады.
69. Корпоративтік дау-дамайлар пайда болған жағдайда оған қатысушылар акционерлердің құқықтарын да, Қоғамның іскерлік беделін де тиімді тұрғыда қорғауды қамтамасыз ету мақсаттарында келіссөздер жүргізу жолымен оларды шешу жолдарын қарастырады.

70. Корпоративтік дау-дамайларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Заңнамамен және озық корпоративтік практикамен қатаң сәйкестікте шешілуі тиіс.

1.10. ЖАУАПТЫЛЫҚ ПРИНЦИПІ

71. Қоғам барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды әрі құрметтейді және өзінің дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мұндай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады.
72. Мүдделі тұлғалардың Заңнамамен көзделген жағдайларда өздерінің құқықтарының бұзылғандығы үшін өтемақы алу мүмкіндігі болуы қажет.
73. Мүдделі тұлғалар корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда соңғыларының белгіленген тәртіппен уақытылы және тұрақты негізде елеулі, жеткілікті және сенімді ақпараттарға рұқсаты болуы тиіс.
74. Мүдделі тұлғалардың Кеңеске Басқарманың заңсыз және этикаға жат әрекеттері туралы еркін мәлімдеуге құқығы болуы қажет және мұндай хабарлау жағдайында олардың құқықтарына қысым көрсетілмеуі тиіс.

2-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

2.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

75. Жалпы жиналысты ұйымдастыру мен оны өткізу тәртібі мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:
- (а) барлық акционерге әділ және тең қарым-қатынас;
 - (б) барлық акционерлер үшін [Жалпы жиналысқа қатысу мүмкіндігі;
 - (в) ақпараттардың барынша көп ауқымын ұсыну;
 - (г) Жалпы жиналысты өткізудің қарапайымдылығы мен ашықтығы.

2.2. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

76. Жалпы жиналыс өткізілгенге дейін акционерлерге берілетін ақпараттар мен материалдар, сондай-ақ оны ұсыну тәртібі талқыланатын мәселелердің мәні, қажетті сұрақтарға жауаптар алу және күн тәртібінің мәселелері бойынша негізді шешімдер қабылдау мүмкіндіктері туралы барынша толық түсінік алуды қамтамасыз етуі тиіс.
77. Жалпы жиналысты шақыру туралы хабардар ету тәсілі барлық акционерлердің уақытылы құлақтандырылуын қамтамасыз етуі қажет. Қажет болған жағдайда, құлақтандыру қайталанатын және хабардар етудің түрлі тәсілдері, оның ішінде Қоғамның корпоративтік веб-сайты пайдаланылады. Оған деген бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды барлық акционерлерге бір уақытта ұсыну мақсатында Жалпы жиналыс бұқаралық ақпарат құралдарын белгілейді.
78. Жалпы жиналысты дайындау кезінде таратылатын ақпараттық материалдар Жалпы жиналыстың күн тәртібіне қатысты жүйелендірілген болуы тиіс. Бұл

материалдарды алудың және олармен танысудың барынша қарапайым да қиындықсыз тәртібі орнатылауы қажет.

79. Ақпараттарды ашу бойынша талаптар Қоғамға шамадан тыс әкімшілік салмақ немесе негізсіз шығыстар жүктемеуі тиіс.
80. Жалпы жиналыста Қоғамның қызметі мен оны басқарудағы өзгерістерді қарау мен қабылдау процесі мұндай өзгерістердің негіздемелері бойынша материалдар ұсынумен қамтамасыз етіледі.
81. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне Директорларды сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда Заңнаманың, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, аталған лауазымдарға кандидаттар туралы толық ақпарат ұсынылуы қажет.
82. Күн тәртібі мәселелері барынша нақты болуы және олардың түрлі мағнада ұғылуы мүмкіндіктері болмауы қажет. Күн тәртібінен «түрлі мәселелер», «өзгелері», «басқалары» және с.с. сияқты сұрақтар алынып тасталады. Жалпы жиналыста Қоғам әр жеке мәселе бойынша жеке шешім ұсынуы тиіс.
83. Жалпы жиналыста дауыс беру процесі дауыс берудің барлық мүмкін болатын тәсілдері пайдаланыла отырып барынша қарапайым және акционерлер үшін қолайлы болуы қажет.
84. Акционерлердің белгіленген тәртіппен Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ұсыныс енгізу, сондай-ақ кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыруды талап ету құқықтары олар нақты негізделген жағдайда оңай іске асырылатын болуы тиіс.

2.3. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫ ӨТКІЗУ

85. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі барлық акционерлерге Жалпы жиналысқа қатысуға арнаған құқықтарын іске асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Акционер қатысып отыратын тәртіппен өткізілетін Жалпы жиналыста тікелей қатысу немесе тікелей қатыспау (акционердің өзі үшінші тұлғаға, не болмаса номиналдық ұстаушының өкіліне берген сенімхат бойынша) тәртібімен дауыс бере алады, бұл ретте, тікелей өзі берген және тікелей қатысуынсыз берілген дауыстардың бірдей күші болуы тиіс.
86. Жалпы жиналыстың жұмыс регламенті күн тәртібі мәселелерін жеткілікті мөлшерде және барынша кең талқылауға және олар бойынша негізді шешімдер қабылдауға негізделеді.
87. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен акционерлерінің сөз сөйлеуі үшін нақты регламент белгіленеді.
88. Жалпы жиналыстың Қоғамның қызметі барысындағы маңызы Қоғамды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуын (шақырылған жағдайда) және оның қызметін бақылауды білдіреді.
89. Тіркеу уақыты барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелуі үшін жеткілікті болуы тиіс, бұл ретте тіркеуден өтпеген акционерлер кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқы болмайды.
90. Жалпы жиналыстың төрағасы акционерлердің барлық маңызды сұрақтарға

тікелей Жалпы жиналыста жауап алуын ойластыруы қажет. Егер сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, сұрақ берілген адам (адамдар) Жалпы жиналыс аяқталғаннан кейін, қысқа мерзімдерде қойылған сұрақтарға жазбаша жауап ұсынады.

91. Кеңеске сайлау Басқарма мен Қоғамның өзге де органдарына сайлау сияқты барынша ашық және негізді болуы тиіс.
92. Дауыстарды жинау мен есептеу рәсімі барынша қарапайым және ашық болуы қажет, акционерлер дауыс берудің қортындыларының қандай да болмасын бұрмалануы болмайтындығына сенімді болуы тиіс. Қоғам дауыстар лайықты тұрғыда берілуін және тіркеуін қамтамасыз етуі қажет.
93. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысуға құқы бар адамдардың неғұрлым көп саны қатыса алатындай тұрғыда белгіленеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасы, Астана қаласында өткізіледі.

3-ТАРАУ. КЕҢЕС

3.1. КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

94. Кеңес акционерлердің мүдделерінің іске асырылуын және құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді. Кеңес Қоғам қызметінің принциптері мен нормаларын белгілейді.
95. Кеңес Қоғамның дамуының стратегиялық мақсаттын, басымдықты бағыттарын айқындайды және Қоғамның ұзақ мерзімді келешекке арналған қызметінің негізгі бағдарларын белгілейді, қойылған мақсаттарды жзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді. Кеңестің төрағасы басқару және стратегиялар мәселелерін ірі акционерлермен талқылауы тиіс. Кеңес Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу кезінде қабылдануы мүмкін болатын елеулі тәуекелдердің сипаты мен дәрежелерін айқындау үшін жауаптылықта болады.
96. Кеңес нарықтық жағдайларды, Қоғамның қаржылық жағдайын және Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, бекітілген басымдықты бағыттармен жүруді объективті түрде бағалуды жүргізеді.
97. Кеңестің құзыретіне тізбесін Кеңес бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар және/немесе жазылулар жүргізу арқылы Қоғамның бағалы қағаздарын орналастырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту жатады.
98. Барлық Директорлар Қоғамның мүдделерінде байыпты шешім қабылдауы тиіс. Қоғам Кеңес мүшелеріне қарсы талап-арыздарға қатысты тиісті сақтандырулық қорғанышты қамтамасыз етуі қажет.
99. Өкілеттік пен ақпараттар бір немесе екі адамның қолында жинақталмауы үшін Кеңес пен Басқарманың арасындағы өкілеттіктер нақты бөлінуі тиіс.

3.2. КЕҢЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

100. Кеңестің мүшелерін сайлау рәсімі ресми, ашық және барлық акционерлер үшін

айқын болуы қажет. Қоғам Директорларды корпоративтік басқарудың ең озық әлімдік практикасына сәйкес сайлауды/қайта сайлауды қамтамасыз етуге ұмтылатын болады. Бұл ретте, Директорларды қайта сайлау осы Кодекстің 3.5-тарауына сәйкес жыл сайынғы негізде өткізілетін олардың қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері ескеріле отырып, жүргізілуі қажет. Кеңес өзінің өкілеттігіне сәйкес Кеңес пен Басқармаға сайлау процесіне қатысатын Кадр мәселелері жөніндегі комитетті құрады және кейін олар Директорларды сайлау туралы шешім қабылдауы кезінде жалпы жиналысты хабардар ету үшін Кеңеске жаңа Директорлардың кандидатуралары бойынша ұсыныстар береді. Кадр мәселелері жөніндегі комитеттің құрамына Сыйақылар мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы сияқты кемінде 2 (екі) Тәуелсіз директор кіруі тиіс. Кадр және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитеттерді Төраға немесе Тәуелсіз директор басқарады.

101. Жалпы жиналыс Директорларды сайлау мақсатында Жарғыға сәйкес Қоғамның барлық акционерлерінің құқықтарының іске асырылуын және мүдделерінің қорғауын қамтамасыз ететін өзінің өкілеттіктерінің шеңберіне сәйкес әрекет ететін Кадр мәселелері жөніндегі комитеттің ұсыныстарын ескеруге құқықты. Кез келген акционер Кадр мәселелері жөніндегі комитеттің өкілеттігін регламенттейтін құжаттармен таныса алады. Жылдық есеп комитет Кеңестің мүшелерін сайлауға қатысты пайдаланған процедураларды қоса алғанда Кадр мәселелері жөніндегі комитет жүргізген жұмыстарды сипаттайтын жеке тарауды қамтуы тиіс. Егер Төрағаны немесе Директорларды сайлау тысқары консультанттардың зерттеуінің, не болмаса ашық конкурстың негізінсіз жүргізілген жағдайда жылдық есепті тиісті түсініктеме болуы тиіс.
102. Кеңестің мүшелерін сайлау процесі барлық акционерлердің, оның ішінде Қоғамның жарғылық капиталында миноритарлық үлеске ие акционерлердің пікірлері мен мүдделері ескеріле отырып, іске асырылады.
103. Кандидаттарды іздестіру және оларды одан кейін Кеңеске сайлау олардың іскерлік және салалық ортадағы беделі ескеріле отырып, сондай-ақ гендерлікті қоса алғанда әрқырлылық мәселелері тиісінше назарға алына отырып, олардың позитивтік жетістіктерінің негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Директорлардың өздеріне жүктелген міндеттерді тиімді орындауы үшін жеткілікті мөлшерде уақыты болуы тиіс. Кеңес Қоғамдағы машықтар мен тәжірибелердің тиісті деңгейін ұстап тұру, сондай-ақ Кеңестің ұдайы жаңарып отыруын қамтамасыз ету үшін Кеңес пен Басқарма мүшелерінің тиісті тұрғыдағы сабақтастығы бойынша жоспарлар болуын назардан тыс қалдырмауы тиіс.
104. Кеңес мүшелерінің тиісті жұмыс тәжірибесі мен басшылық жұмыстағы жеткілікті машық деңгейі болуы қажет.
105. Кадр мәселелері жөніндегі комитет Кеңес пен Басқарма мүшелерінің тәжірибесінің, машығының және білімінің ара қатынасын бағалауы және мұндай бағалаудың нәтижелері бойынша белгілі бір лауазымға қойылатын функциялар мен талаптардың сипаттамасын дайындауы тиіс. Төрағаны сайлау кезінде Кадр мәселелері жөніндегі комитет оның дағдарысты жағдайларға қатысуы қажеттігін ескере отырып, функциялардың сипаттамасын әзірлейді, сондай-ақ уақытша шығындар бойынша Төрағадан күтілетін міндеттемелерді бағалуды жүргізеді. Төраға өзін сайлағанға дейін Кеңеске жылдық есепке кіргізілуі тиіс басқа маңызды міндеттемелері туралы ақпаратты ашуға міндетті. Аталған міндеттемелер деректерінің өзгергені туралы ақпарат оның пайда болуына орай келесі жылдық есепке аталған өзгерістердің Төрағаның міндеттемелерін

орындауына ықпалы туралы түсініктеме енгізілуі арқылы Кеңеске ұсынылуы қажет.

106. Барлық Директорлар олардың жұмысының қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында қайта сайлау үшін ұдайы ұсынылуы қажет. Директорды ол алты жыл бойын лауазым атқарғаннан кейін қайта сайлау мәселесі Кеңестің құрамын жаңарту қажеттігі назарға алынуы тиіс болатын қатаң бағалауға жатады. Сайлау қайта сайлау үшін ұсынылған Директорлар туралы мәліметтерге жеткілікті мөлшердегі өмірбаяндық деректер мен акционерлерге оларды сайлау туралы негізді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кез келген өзге де тиісті ақпараттар қоса берілуі қажет. Егер Кеңестің мүшелерін қайта сайлау ұсынылған жағдайда Төраға акционерлерге қайта сайлауға ұсынылған адамның қызметін ресми түрде бағалау нәтижелері бойынша ол тиімді жұмыс істейтіндігін және өзінің міндеттемелерін орындауға деген борышы мен ұмтылысын көрсетіп отырғандығын растауға міндетті.

3.3. ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

107. Өзінің жылдық есебінде Кеңес ол тәуелсіз деп есептейтін әрбір Директорды (Тәуелсіз директор) көрсетуі қажет. Кеңес Заңнамамен белгіленген өлшемдерге сәйкес, сипаты мен оның шешім қабылдауы бойынша және Директордың тәуелсіз болып табылатын немесе табылмайтындығын және Директордың шешіміне ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастардың немесе жағдайлардың бар-жоғын анықтауы тиіс. Кеңес мұндай тануға ықпал етуі мүмкін болатын қатынастардың немесе жағдайлардың бар екеніне, оның ішінде егер Директор:
- (а) соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болғанына;
 - (б) Қоғаммен сондай қатынасы бар қандай да бір органның тікелей немесе жанама түрде серіктесі, акционері, Директоры немесе басқарушы буын қызметкері ретінде соңғы үш жыл ішінде Қоғаммен жұмыс бойынша айтарлықтай іскерлік қарым-қатынаста болғанына немесе болмағанына;
 - (в) Директордың гонорарын қоспағанда Қоғамнан қосымша сыйақы алатынына немесе алмайтындығына, Қоғамның акцияларына арналған опционға қатысатындығына немесе Қоғамның зейнетақылық жоспарына қатысушы болып табылатындығына;
 - (г) Қоғамның қандай ба бір кеңесшілерімен, Директорларымен немесе басшылығымен жағын туыстық қатынаста екендігіне;
 - (д) бір мезгілде Қоғамның үлестес тұлғасында Директор болып табылатындығына немесе басқа ұйымдарға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен айтарлықтай байланысы бар екендігіне;
 - (е) ірі акционерді білдіретіндігіне; немесе
 - (ж) алғашқы сайланған күнінен бастап тоғыз жылдан астам уақыт бойы Кеңестің мүшесі болып табылатындығына қарамастан Директорды тәуелсіз деп тануының себептерін көрсетуі қажет.
108. Кеңес мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігі Тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

109. Директорларды (Тәуелсіз директорларды қоса алғанда) сайлау шарттары Қоғамның кез келген акционерінің тексеруі үшін қолжетімді болуы тиіс. Директорларды сайлау шарттарында ұйғарылып отырған сайлау мерзімі көрсетілуі қажет. Директорлар оларда өздеріне жүктелетін функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт болатындығына міндеттеме қабылдауы қажет. Олардың басқа да маңызды міндеттері оларды орындау мерзімдері көрсетіле отырып, сайлау сәтіне дейін Кеңестің назарына жеткізіледі және Кеңес одан кейінгі өзгерістер туралы хабардар болуы тиіс.

3.4. КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

110. Кеңестің қызметі орындылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шынайылық, жауаптылық, нақтылық принциптеріне негізделеді.
111. Кеңестің мәжілістері ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік принциптері негізінде өткізіледі. Кеңес жылына кемінде алты рет мәжіліс өткізуі тиіс. Оның үстіне, Тәуелсіз директорлар өздерінің мәжілістерін өздерінің нақты міндеттерін тиімді орындау үшін басқа Директорлардың қатысуынсыз қажетті мөлшерде жиі өткізе алады.
112. Төраға Тәуелсіз директорлармен өзге Директорлардың қатысуынсыз мәжіліс өткізуі тиіс.
113. Кеңес Жалпы жиналыс бекітетін Кеңес мәжілістерін дайындау және өткізу жөніндегі ішкі рәсімдерді басшылыққа алады. Бұл рәсімдер Кеңестің мәжілісі қызметінің барлық қажетті өлшемдерін регламенттеуі қажет.
114. Кеңестің мәжілістерін өткізу қатысып отыратын немесе сырттай нысандарда қарастырылады.
115. Кеңестің мәжілісінің қатысып отыратын нысаны неғұрлым тиімді болып табылады. Мәжілістің қатысып отыратын нысаны әдетте, Қоғам қызметінің өте маңызды, шешуші, стратегиялық мәселелері бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау кезінде қолданылады.
116. Кеңес:
- (а) ішкі аудит;
 - (б) стратегиялық жоспарлау;
 - (в) кадр;
 - (г) сыйақылар;
 - (д) әлеметтік мәселелер бойынша;
 - (е) бизнес жоспарлау;
 - (ж) корпоративтік басқару мәселелері бойынша комитеттерді;
 - (з) Кеңестің құзыреттері шегінде, өкілеттіктері Кеңес жеке бекітетін мұндай комитеттер туралы ережелерде айтылатын кез келген өзге де комитеттерді шақыруға құқықты.

117. Директорлар Қоғамның жағдайына мониторинг жүргізуі және Қоғамның басқа органдарымен және лауазымды адамдарымен тұрақты қарым-қатынас ұстауы тиіс.
118. Қоғамның жылдық есебінде олар бойынша шешімді Кеңес немесе Басқарма қабылдайтын мәселелер, сондай-ақ олар бойынша шешім Бас директорға жүктелген мәселелер бойынша толық ақпаратты қоса алғанда Кеңес пен Басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынылуы қажет. Жылдық есеп Кеңес мәжілістерінің саны туралы, сондай-ақ әр Директордың Кеңестің мәжілістеріне тікелей қатысуы туралы ақпараттарды қамтуы тиіс. Бұдан басқа, жылдық есеп Төраға, Бас директор, Кеңестің комитеттерінің төрағалары мен мүшелері туралы ақпаратты қамтуы қажет.
119. Директорда Қоғамның қызметіне немесе Директордың пікірі бойынша Кеңестің шешім қабылдауын талап ететін болжамды іс-әрекеттерге қатысты мәселелер болған жағдайда ол мұндай мәселелерді Кеңестің таяудағы мәжілісінің күн тәртібіне енгізуді қамтамасыз етеді. Кеңестің мүшелерінде Қоғамның қызметіне немесе ұсынылған қызметтеріне қатысты, шешілмейтін қауіптену болған жағдайда олар өздерінің қауіптенуі Кеңес мәжілісінің хаттамасында көрсетілуін қамтамасыз етуі тиіс. Қауіптің болуына байланысты өкілеттігін доғарған жағдайда Директор кейін Кеңес мүшелерінің арасында тарату арқылы Төрағаға мұндай қауіптерді көрсете отырып, жазбаша арыз ұсынуы қажет.
120. Қажет болған жағдайда, Кеңес, егер Директорлар өздерінің міндеттерін орындау үшін мұндай консультациялар алу қажет деп есептесе, Директорлардың Қоғамның қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен тәуелсіз кәсіби консультанциялар алуын қамтамасыз етуі тиіс. Кеңестің комитеттері өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті мөлшерде ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет.

3.5. КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

121. Кеңес қызметінің нәтижелерін бағалауды Жалпы жиналыс жүзеге асырады.
122. Кеңес жыл сайын өзінің комитеттері мен Директорлардың әр қайсысының жұмысына ресми және жан-жақты баға беруі керек. Директорлар Кеңестің Төрағасы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін кемінде жылына бір рет және өзге жағдайларда қажетіне қарай Кеңес Төрағасының қатысуынсыз кездесулер өткізуі қажет.
123. Дербес баға беруді жүзеге асыру мақсаты әр Директордың Кеңестің қызметіне тиімді үлес қосуын жалғастырып отырғандығын, сондай-ақ оның өзінің функцияларын (Кеңес пен комитеттердің мәжілістеріне қатысу міндеттерін, сондай-ақ кез келген өзге де міндеттерді қоса алғанда) орындауға дайын екендігін көрсетіп отырғандығын тексеруге саяды. Төраға мен Кадр мәселелері жөніндегі комитет Кеңес және/немесе Басқарма мүшелерінің күшті және әлсіз жақтарын мойындай отырып, қызметті бағалау нәтижелерін ескере отырып және қажет болған жағдайда Кеңеске немесе Басқармаға жаңа мүшелер сайлауды немесе Директорларды қызметінен шеттетуді ұсыну арқылы жұмыстың нәтижелерімен танысуы және іс-әрекет етуі тиіс.
124. Қоғам Кеңесінің қызметін тысқары тәуелсіз бағалауды жылына бір рет жүргізу қажет. Егер бағалауды жүргізуші тұлғаның Қоғамға қандай да болмасын қатынасы болса, оны Қоғамның жыл сайынғы есебінде көрсеткен жөн.

3.6. АҚПАРАТТАР ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

125. Кеңес пен Басқарма оларға өздерінің міндеттерін орындау үшін мүмкіндік беретін ақпаратты тиісті тұрғыда және қажетті сапады уақытылы ұсынылуы қажет. Барлық Директорлар мен Басқарма мүшелері Кеңестің немесе Басқарманың мүшелері ретінде қызметке ресми түрде кірісуі және өздерінің білімдері мен машықтарын ұдайы жетілдіріп және дамытып отыруы тиіс.
126. Бас директор анық және нақты ақпараттардың Директорларға уақытылы ұсынылуы үшін жауапты, ал Корпоративтік хатшы Директорлардың оны уақытылы алуы үшін жауап береді. Директорлар ол қажет болған жағдайларда түсініктеме немесе түсіндірме беруді талап етуге құқықты, ал Бас директор мұндай ақпаратты ұсынуға міндетті.
127. Қажет болған жағдайда Басқарма Кеңеске консультациялар беруі қажет.
128. Қоғам мүмкіндігіне қарай, Директорлардың білімдері мен қабілеттерін жетілдіру және дамыту үшін қажетті қаражаттар ұсынуға міндетті.
129. Корпоративтік хатшы Төраға арқылы корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша Кеңеске консультациялар беру үшін жауаптылықта болады.

3.7. СЫЙАҚЫЛАР

130. Сыйақының мөлшері Қоғамның табысты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті біліктілікке ие Директорлар мен Басқарма мүшелерін тарту, сақтау және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс, алайда Қоғам осы мақсат үшін қажеттіден артық мөлшерде сыйақы төлеуден тартынуы қажет. Кеңестің мүшелері сыйақыларының мөлшері жұмысқа бөлінетін уақытты, олардың міндеттерін көрсетуі қажет және Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет ұсынады. Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет тиісті жылға арналған бюджетте көзделген қаражаттардың шегінде кеңесшілерді тартуға құқылы. Сыйақылар мәселелері бойынша кеңесшілерді тағайындау кезінде олар Қоғаммен өзгедей қатынасының бар-жоғы туралы мәлімдеме жасауға міндетті.
131. Қоғамда оның лауазымды тұлғалары сыйақыларының мөлшерін белгілеудің және жекелеген Директорларға жиынтық сыйақыны айқындаудың ресми және ашық процедурасы болуы тиіс. Директордың өз сыйақысының мөлшері туралы мәселені шешуге қатысуына рұқсат етілмейді. Сыйақылар жөніндегі комитет басқа Директорларға сыйақылардың мөлшері мәселесі жөніндегі олардың ұсыныстары бойынша Төрағамен және (немесе) Бас директормен консультация өткізеді. Директорлар немесе Басқарма мүшелері консультацияларға қатысқан немесе Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитетке көмек көрсеткен жағдайда мүдделер қақтығысының болуы және оны болдырмау фактілерін анықтау үшін айрықша қырағылық таныту қажет. Төраға қажет болған жағдайда Қоғамның Директорлар мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мәселелері бойынша ірі акционерлермен қарым-қатынас ұстауын қамтамасыз етуі тиіс.
132. Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет Директорлар мен Басқарма мүшелері сыйақыларының мөлшерін осындай басқа компанияларда қабылданған сыйақылардың мөлшерімен салыстыра отырып ұсынуы тиіс. Алайда, Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет сыйақы мөлшерінің жұмыстың нәтижесімен сәйкес келмеуімен байланысты тәуекелдерді болдырмау

мақсатында мұндай салыстыруды тиісті сақтықпен қолдануы қажет. Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет сонымен қатар, Қоғамда қабылданған ақы төлеу мен жалдау шарттарына, әсіресе сыйақыларды жыл сайынғы арттыру туралы шешім қабылдау кезінде айрықша көңіл бөлуі тиіс. Сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оларды сайлау шарттары бойынша Директорлардың пайдасына қандай төлем жүргізілуі қажет екендігі туралы мұқият қарауы қажет.

133. Жұмыстың нәтижелеріне қатысты, сыйақылардың жалпы пакетінің айтарлықтай бөлігін құрайтын Басқарма мүшелеріне сыйақылардың бір бөлігі олардың мүдделерін акционерлердің мүдделерімен сәйкес келтіру және Басқарма мүшелерін жұмыстың жоғары сапалылығына ынталандыру мақсатында қалыптастырылған. Қоғамның қызметінің нәтижелеріне тәуелді Директорлар сыйақысының элементтері уақыттарға бөлінуі және Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді табыстылығын ынталандыру тұрғысында құрылуы тиіс.
134. Қоғам акцияларға арналған опциондар жоспарын қабылдаған жағдайда акцияларға арналған опциондар Листингтік ереже мен опциондық бағдарламаның тиісті ережелерімен рұқсат етілген жекелеме жағдайларды қоспағанда Кеңестің немесе Басқарманың мүшелеріне ұсынылу датасына құны бойынша Қоғамның қарапайым акцияларының нарықтық құнынан төмен ұсынылмауы тиіс.
135. Кеңес мүшелерінің (Бас директорды қоспағанда) сыйақысы акцияларға арналған опциондарды қамтымайды. Егер опциондар Директорларға берілген жағдайда ол үшін акционерлердің алдын ала мақұлдауы талап етіледі. Акцияларға арналған опциондар Тәуелсіз директорларға берілмейді.

4-ТАРАУ. БАСҚАРМА

4.1. БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

136. Басқарма Жалпы жиналыс пен Кеңестің шешімдерін орындауға міндетті, сондай-ақ Кеңес бекіткен Басқарма мүшелерінің қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы ішкі ережені басшылыққа алуы тиіс.
137. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары шыншылдық, адалдық, орындылық, байыптылық, жүйелілік болып табылады.
138. Басқарма қызметінің негізгі бақыттары Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық болып табылады.
139. Басқарма Қоғамның құпия және қызметтік ақпараттарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды.
140. Басқарманың барлық мүшелері шешімді Қоғамның мүдделерінде байыпты түрде қабылдауы тиіс.

4.2. БАСҚАРМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

141. Басқарма мүшелерін сайлау кезінде Кеңес әзірленген, бұл лауазымға кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін ішкі ережелерді басшылыққа алады.
142. Басқарма мүшелігіне кандидаттар беделді және Кеңес мүшелерінің басым көпшілігі үшін орынды болуы қажет.

143. Басқарма мүшелері лауазымына Қоғамда немесе мұнайгаз саласында жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ басшылық қызметте машығы бар өз ісінің шеберлері тартылады.
144. Басқарманың мүшелерін іріктеу мен сайлау Кеңес белгілейтін барынша ашық және нақты рәсімдерінің негізінде жүргізіледі.

5-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

145. Қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қоғамның Заңнаманың ережелері мен нормаларының, Жарғының, Листингтік ережелердің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының ережелерін сақтауға бағытталған процедураларды қатаң сақтауы Корпоративтік хатшы қызметін енгізумен қамтамасыз енгізіледі. Барлық Директорлардың Корпоративтік хатшының консультациялары мен қызмет көрсетулеріне қолжетімділігі болуы тиіс.
146. Бұл процедураларды сақтамау көбінекей акционерлердің құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына әкеп соқтыратындықтан, Корпоративтік хатшы Жалпы жиналыс пен Кеңестің мәжілістерін дайындау мен өткізудің тәртібін сақтау, Қоғам туралы ақпараттарды ашу мен ұсыну кезінде айрықша рөл атқарады.
147. Корпоративтік хатшы Қоғамдағы корпоративтік саясат пен корпоративтік процестер үшін жауап береді. Корпоративтік хатшы, сонымен қатар Қоғамда корпоративтік қақтығыстарды тез арада және толық шешуді ұйымдастыру үшін де жауапты.
148. Корпоративтік хатшы Қоғамның тиісті органдарының акционерлердің өтінімдерін қарауын ұйымдастыру үшін жауапты. Қоғамның органдары мен бөлімшелерінің мұндай өтінімдерді уақытылы қарауын бақылау Қоғамның Корпоративтік хатшысына жүктеледі
149. Корпоративтік хатшының мәртебесі, функциялары мен міндеттері Қоғамның тиісті ішкі ережелерімен айқындалады.
150. Корпоративтік хатшыны тағайындау Кеңестің құзыретіне жатады. Корпоративтік хатшының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату мәселесін Кеңес шешеді.
151. Төрағаның басшылығымен Корпоративтік хатшы Кеңесте, Басқармада және Кеңестің комитеттерінде ақпараттардың тиісті ағымын қамтамасыз ету үшін жауап береді.

6-ТАРАУ. ЕЛЕУЛІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

6.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

152. Елеулі корпоративтік оқиғалар, бұл Қоғамның қызметіндегі іргелі өзгерістерге әкеліп соқтыруы мүмкін оқиғалар. Елеулі корпоративтік оқиғаларға сонымен қатар: Қоғамды қайта ұйымдастыру, Қоғамның орналастырылған қарапайым

немесе басымдықты акцияларының жалпы санынан бес және одан көп пайызын Қоғамның сатып алуы немесе сатуы, ірі мәмілелер жасау, Жарғы мен Кодекске өзгерістер енгізу жатады.

153. Басқарма:

(а) елеулі корпоративтік оқиғаларды іске асырудың тетіктері мен процедураларын айқындау;

(б) іске асырылатын елеулі корпоративтік оқиғаларды алдын ала мақұлдау мен бағалау; және

(в) елеулі корпоративтік оқиғаларды терең талдау және талқылау мәселелеріне айрықша көңіл бөлінетін Қоғамдағы елеулі корпоративтік оқиғалар саласындағы келісілген саясатты әзірлейді және Кеңес бекіткеннен кейін оны басшылыққа алады.

154. Елеулі корпоративтік оқиғалардың маңыздылығы оларды іске асыру кезінде ашықтық пен сенім білдіру ахуалын құру қажеттілігін, оларды жүзеге асырудың қарапайым да ашық рәсімін белгілеуді айқындайды.

6.2. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

155. Қоғам қайта құру жағдайында Кеңес пен Басқарма Қоғамды қайта құрудың негіздемесін ұсынуға міндетті.

6.3. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

156. Қоғамды тарату жағдайында Кеңес Басқармамен бірлесіп акционерлерге Қоғамды таратуды жүргізу қажеттілігінің негіздемесін ұсынады.

7-ТАРАУ. АҚПАРАТТАРДЫ АШУ

7.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

157. Ақпараттарды ашу капиталды тартуға, акционерлер мен инвесторлардың сенімін қолдауға және өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің өсуіне ықпал етуі тиіс болатын Қоғамның жағымды бет-бейнесін құруды қамтамасыз ету үшін қажет.

158. Ақпараттарды ашу жүйесі Қоғам туралы ақпараттардың барынша қолжетімділігі мен Қоғамның құпия және қызметтік ақпараттарының толық қорғалуы, сондай-ақ Қоғамның Ашу ережелеріне сәйкес өзінің міндеттемелрін сақтауын қамтамасыз етуі, сондай-ақ Кеңес айқындайтын Қоғамның ақпараттық саясаты принциптерін қанағаттандыруы тиіс.

7.2. АҚПАРАТТАРДЫ АШУ

159. Қоғамның ақпараттық ашықтығы Қоғам туралы бұқаралық ақпараттарға еркін және кедергісіз қолжеткізілуін қамтамасыз етуі тиіс.

160. Жариялымды ақпараттарды ашуды бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану негізінде ұдайы жүргізу қажет. Қоғам ақпараттар ұсынудың басқа тәсілдерін де

қолдануы мүмкін.

7.3. ІШКІ АҚПАРАТТАРДЫ ҚОРҒАУ

161. Жұртшылық үшін ақпараттардың қолжетімділігімен қатар Қоғам Заңнаманың, Листингтік ережелердің және/немесе Ашу ережелерінің, сондай-ақ Кеңес белгілейтін Қоғамның ақпараттық саясатының талаптарына сәйкес құпия және қызметтік ақпараттардың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді.
162. Қоғам құпия және қызметтік ақпараттардың пайдаланылуын бақылаудың тиімді жүйесін әзірлейді және қолданады. Қоғамның бағалы қағаздардың бағамына әсер етуге қабілетті ақпараттарды ашу жөніндегі міндеттемелерін қарау кезінде Кеңес Қоғамның Заңнама бойынша және Листингтік ережелерге және/немесе Ашу ережелеріне сәйкес міндеттері мен міндеттемелерін ескереді. Қоғам, егер қолданымды құқықпен немесе Листингтік ережелермен және/немесе Ашу ережелерімен өзгедей рұқсат етілмесе кімге болмасын іріктеу түрінде бағалы қағаздардың бағамына ықпал етуге қабілетті ақпаратты ашпауы қажет.
163. Қоғам Заңнаманың, Листингтік ережелердің және/немесе Ашу ережелерінің талаптарына сәйкес құпия және қызметтік немесе бағалы қағаздардың бағамына әсер етуге қабілетті ақпараттарды айқындау бақылау және тарату үшін бақылаудың баламды процедураларын, жүйелері мен құралдарын орнатады және ашылатын ақпарат жалған немесе жаңылыстыратын ақпарат болып табылмас үшін барлық қажетті іс-әрекеттерді қолданады.
164. Кейбір жағдайларда Қоғам өзінің жауаптылығының шегінде және Ашу ережелері мен Қоғамның ақпараттық саясатының қағидаларына сәйкес, мұндай кешіктірудің жұртшылықты жаңылыстырмауы және Қоғамның мұндай ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ете алуы шартымен, өзінің заңды мүдделерін қорғау мақсатында бағалы қағаздардың бағамына ықпал етуге қабілетті ақпаратты жұртшылыққа ашуды кейінге қалдыра алады.
165. Қоғам өзінің қызметкерлерін де, басқа мүдделі тұлғаларды да Қоғамның өзі туралы ақпаратты ашуға қабілеттілігіне қатысты бақылау құралдарының енгізілгендігі туралы хабардар етеді және Қоғамның Директорлары мен қызметкерлерінің ақпараттарды ашу саясатын қолдану бойынша жеткілікті даярлықтан өтуін қамтамасыз етеді.
166. Қоғамның қызметкерлері өздерінің еңбек қызметін жүзеге асыруы уақытында құпия және қызметтік ақпараттарды жария етпеуге міндетті. Қоғам олар Қоғамдағы еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін көрсетілген ақпараттарды жария етпеу бойынша уақыт мерзімін белгілейді.
167. Кеңес пен Басқарманың мүшелері, Қоғамның қызметкерлері құпия және қызметтік ақпаратты өз мақсаттарына пайдаланбауы қажет.

8-ТАРАУ. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАҚЫЛАУ

8.1. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

168. Қаржы-шаруашылық қызметті бақылау жүйесінің жұмысын нақты реттелетін негізде Кеңес құрады. Кеңес Қоғамның жағдайы мен болашағын байыпты және

ұғымды бағалауды ұсынады. Директорлар Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің жұмысына белсенді қатысу жолымен қаржылық ақпараттардың толықтығына, сондай-ақ қаржылық бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйесінің сенімділігі мен дәлелдігіне көз жеткізуі тиіс. Кеңес қаржы жылында кемінде бір рет Қоғамның тәуекел-менеджі мен ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыруы қажет.

169. Кеңестің Заңнаманың тиісті талаптарын сақтауы үшін көмектер көрсету мақсатында Қоғам Директорларды Заңнама бойынша Қоғамның міндеттемелерімен ұдайы таныстырып отыруды қамтамасыз етуі тиіс.
170. Кеңес пен Басқарма жылдық есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығы үшін жауаптылықта болады.
171. Қоғамда, олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріне қатысына қарай Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесіне кіретін органдардың құзыреті шектеледі.

8.2. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

172. Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару мен кеңестер беру саласындағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, құжаттарды орындау саласында Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамда ішкі аудит қызметі құрылады.
173. Ішкі аудит қызметі тікелей Кеңеске бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауаптылығы Кеңес бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

8.3. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

162. Кеңес құрамына кемінде үш Тәуелсіз директор кіретін Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетті құрады. Кеңестің ішкі аудит жөніндегі комитет мүшелерінің кемінде біреуінің қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы таяудағы және тиісті тәжірибесі болуына көз жеткізуі тиіс.
174. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің негізгі функциялары мен міндеттері Комитет туралы ереже түрінде жазбаша ресімделуі қажет. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет туралы ереже танысу үшін қолжетімді болуы тиіс. Жылдық есеп оған жүктелген функциялардың орындалуы бойынша комитеттің жұмысын сипаттайтын жеке тарауды қамтуы қажет.
175. Кеңес Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетпен, ішкі аудит қызметімен және Қоғамның сыртқары аудиторларымен бірлесіп қаржылық есептілік пен ішкі бақылауды қолданудың ресми және ашық тәртібін және Қоғамның сыртқары аудиторларымен тиісті қарым-қатынастар орнату тәртібін белгілейді.
176. Кеңес (егер ол тікелей Тәуелсіз директорлардан, немесе Кеңестің өзінен және ішкі аудит қызметінен тұратын жекелеген тәуекелдер жөніндегі комитеттің өкілеттігіне жатқызылмаса, Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетпен бірлесіп) кем дегенде жылына бір рет Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне баға беруді жүзеге асыруға және акционерлердің алдында мұндай баға берудің жүргізілгендігі туралы есеп беруге міндетті. Мұндай баға беру

қаржылық және операциялық бақылауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуы мен тиімділігін бақылауды қоса алғанда толық негізді бақылауды қамтиды.

177. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет ішкі аудит қызметімен бірлесіп, ол арқылы Қоғамның қызметкерлері қаржылық есептілік мәселелері мен өзге де мәселелердегі мүмкін болатын сәйкессіздікке қатысты құпия түрде мәселе көтере алатын іс-шаралар жүйесін зерделеуі тиіс. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің мақсаты мұндай мәселелерді тиісінше және тәуелсіз зерттеу және кейін тиісті шаралар қабылдау жөніндегі іс-шаралар жүйесін құру болып табылады.
178. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет жылына бір рет ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалайды.

8.4. СЫРТҚАРЫ АУДИТ

179. Сыртқары тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық тексерулер жүргізуінің негізгі мақсаттары Қоғамның қаржылық есептілігін тексеру және Қоғамның қаржылық есептілігінің жасалуының дұрыстығы мен шынайылығы туралы тәуелсіз пікір алу болып табылады.
180. Кеңес Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің ұсынымдарын аудиторлық ұйымдарды анықтау туралы шешім қабылдау кезінде есепке алу үшін Жалпы жиналысқа береді. Егер, Кеңес Комитеттің ұсынымдарын қабылдаса, Кеңес жылдық есеп пен сайлау немесе қайта сайлау туралы ұсынымдарды қамтитын кез келген құжатқа ол бойынша Кеңес басқа позицияны ұстанған ұсынымдар мен себептерді түсіндіретін Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің мәлімдемесін кіргізуге міндетті.

9-ТАРАУ. ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

9.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

181. Кеңес дивидендтік саясат туралы ережеге сәйкес қарапайым және басымдықты акциялар бойынша дивидендтердің мөлшеріне қатысты ұсынымдарды пысықтайды және Жалпы жиналысқа ұсынады.

9.2. ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ

182. Қоғам дивидендтерді төлеудің қарапайым және ұғынықты тетіктерін әзірлейді және бекітеді. Дивидендтерді алу Қоғамның акционерлері үшін қиындықсыз және кедергісіз болуы қажет.
183. Дивидендтік саясат туралы ереже Қоғамның таза пайдасының дивидендтер төлеуге жұмсалатын ең төменгі үлесін анықтаудың тәртібін белгілеуі тиіс.
184. Қоғамның таза пайдасының мөлшерін анықтау кезінде дивидендтердің мөлшерін анықтау мақсатына арналған таза пайданың мөлшері, өйтпеген жағдайда дивидендтердің мөлшері төмендетілген не болмаса жоғарлатылған сомаларға сүйеніп есептелетіндіктен, ал бұл акционерлердің мүдделеріне айтарлықтай нұқсан келтіруді білдіретіндіктен бухгалтерлік есептің мақсаттарына арналған таза пайданың мөлшерінен ерекшеленбеуі тиіс. Осының нәтижесінде Қоғам бухгалтерлік есептің мақсаттарына арналған Заңнамамен белгіленген тәртіппен таза пайданы есептеуді жүзеге асырады.

185. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау туралы (жариялау туралы) ақпарат дивидендтер төлеу үшін негіздеменің бар екендігі мен оларды төлеудің тәртібі туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.
186. Дивидендтер төлеудің басымдықты нысаны ақшалай тұрғыда төлеу болып табылады, алайда Қоғам дивидендтерді Заңнамамен белгіленген шектеулерді ескере отырып, акциялар түрінде төлеуге құқықты.